

**"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы № 288 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 147 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 887 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы № 288 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарына қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының тиесілілік табелінде:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" деген бөлімде:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті" деген кіші бөлімде:

мына:

"

Көліктегі орталық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті	2
--	---

";

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Көліктегі департаменті	4
--	---

";

**МЫНА:**

Батыс өңіраралық теміржол көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті	1
--	---

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ақтөбе бөлімшелік көліктегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы	1
--	---

";

**МЫНА:**

"

Оңтүстік-Шығыс өңіраралық теміржол көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті	4
---	---

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Алматы бөлімшелік көліктегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы	4
--	---

";

**МЫНА:**

"

Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменттері үшін	Қызмет көрсетілетін халықтың әрбір 300 000 адамына санитарлық автомобильдің 1 бірлігі, бірақ 1 бірліктен кем емес
--	---

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің облыстардың және Алматы қаласының департаменттері үшін	қызмет көрсетілетін халықтың әрбір 300 000 адамына санитарлық автомобильдің 1 бірлігі, бірақ 1 бірліктен кем емес
--	---

"; **мына:**

"

--	--

Солтүстік-Батыс өңіраралық әуе көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті	2
Оңтүстік-Шығыс өңіраралық әуе көлігіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті	1

"

деген жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті үшін	қызмет көрсетілетін халықтың әрбір 200 000 адамына санитарлық автомобильдің 1 бірлігі, бірақ 1 бірліктен кем емес
---	---

".

**2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С.Ахметов